

**Байғанин аудандық мәслихатының мемлекеттік тіркелген  
нормативтік құқықтық актілері**

**Байғанин ауданы бойынша пайдаланылмайтын ауыл шаруашылығы мақсатындағы  
жерге жер салығының базалық мөлшерлемелерін арттыру туралы**

Ақтөбе облысы Байғанин аудандық мәслихатының 2018 жылғы 20 наурыздағы № 141 шешімі.  
Байғанин аудандық Әділет басқармасында 2018 жылғы 5 сәуірде № 3-4-164 санымен тіркелді

Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы «Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы» Заңының 6 бабына, Қазақстан Республикасының 2017 жылғы 25 желтоқсандағы «Салық және бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдер туралы» (Салық кодексі) Кодексінің 509 бабына және Қазақстан Республикасының 2016 жылғы 6 сәуірдегі «Құқықтық актілер туралы» Заңының 27 бабына сәйкес, Байғанин аудандық мәслихаты  
**ШЕШІМ ҚАБЫЛДАДЫ:**

1. Байғанин ауданы бойынша Қазақстан Республикасының жер заңнамасына сәйкес пайдаланылмайтын ауыл шаруашылығы мақсатындағы жерге жер салығының базалық мөлшерлемелері он есеге арттырылсын.

2. Байғанин аудандық мәслихатының келесі шешімдерінің күші жойылды деп танылсын:

1) Байғанин аудандық мәслихатының «Байғанин ауданы бойынша пайдаланылмайтын ауыл шаруашылығы мақсатындағы жерлерге жер салығының базалық мөлшерлемелерін және бірыңғай жер салығының мөлшерлемелерін жоғарылату туралы» 2016 жылғы 12 сәуірдегі №10 (нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде №4870 санымен тіркелген, 2016 жылғы 6 мамырда «Әділет» ақпараттық-құқықтық жүйесінде жарияланған) шешімі;

2) Байғанин аудандық мәслихатының «Байғанин аудандық мәслихатының 2016 жылғы 12 сәуірдегі №10 «Байғанин ауданы бойынша пайдаланылмайтын ауыл шаруашылығы мақсатындағы жерлерге жер салығының базалық мөлшерлемелерін және бірыңғай жер салығының мөлшерлемелерін жоғарылату туралы» шешіміне өзгеріс енгізу туралы» 2016 жылғы 23 желтоқсандағы №52 (нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде №5206 санымен тіркелген, 2017 жылғы 19 қаңтарда «Жем-Сағыз» газетінде жарияланған) шешімі.

3. «Байғанин аудандық мәслихатының аппараты» мемлекеттік мекемесі заңнамада белгіленген тәртіппен:

1) осы шешімді Байғанин аудандық Әділет басқармасында мемлекеттік тіркеуді;

2) осы шешімді мерзімді баспа басылымдарында және Қазақстан Республикасы нормативтік құқықтық актілерінің Эталондық бақылау банкінде ресми жариялауға жіберуді қамтамасыз етсін;

3) осы шешімді Байғанин аудандық мәслихатының интернет-ресурсында орналастыруды қамтамасыз етсін.

4. Осы шешім, алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

**Байғанин аудандық  
мәслихатының сессия  
төрағасы**

**К. Табынбаева**

**Байғанин аудандық  
мәслихатының  
хатшысы**

**Б. Турлыбаев**